

женщин, прошедшее ряд этапов. Не вдаваясь в подробности, отметим два из них, имеющие непосредственное отношение к теме данной работы. Первый из них длился с момента принятия Устава ООН и утверждения в качестве одного из основных принципов принципа уважения прав человека приблизительно до 80-х годов. В течение этого периода происходило накопление норм международного права, регулирующих межгосударственное сотрудничество в области прав человека, устанавливающих более или менее детальные международные стандарты, находящие свое отражение не только в юридически обязательных международных документах - договорах, но и в рекомендациях международных организаций.

Принять все надлежащие меры для повышения уровня осведомленности женщин об их правах и средствах их реализации, включая облегчение доступа к компендиуму правовых договоров Организации Объединенных Наций по вопросам равноправия мужчин и женщин, опубликованному на веб-сайте Верховного суда; проводить обучение судей и юристов по вопросам, касающимся решений Комитета в рамках Факультативного протокола, а также при необходимости применять положения Конвенции и ссылаться на них в ходе судебных разбирательств.

Проводить информационно-просветительские кампании для ликвидации стигматизации и уничижительных стереотипов, с которыми сталкиваются женщины, добивающиеся правосудия; обеспечить систематическую подготовку судей, прокуроров и адвокатов по вопросам применения законодательства, запрещающего дискриминацию и насилие в отношении женщин; обеспечить, чтобы женщины имели эффективный доступ к правосудию, в том числе на основе предоставления юридической помощи, особенно женщинам, принадлежащим к находящимся в неблагоприятном положении группам, и в соответствующих случаях оказывать поддержку по всей стране неправительственным организациям, содействующим доступу женщин к правосудию.

Список литературы:

1 Нобелевская премия мира присуждена гинекологу из Конго и бывшей наложнице в ИГ - [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://www.bbc.com/russian/news-45756601>

2 Босния и Герцеговина: 14 лет спустя женщинам, изнасилованным в ходе военных действий, по-прежнему отказывают в правах-[Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://amnesty.org.ru/node/758/>

3 Устав ООН от 24 июня 1945 г / Действующее международное право. В 3-х томах. Сост. М. Колосов и Э.С. Кривчикова. Том 1 – М.: МНИМП, 1996. – 760с.

4 Римский Статут международного уголовного суда 1998 года. - [Электронный ресурс]- Режим доступа: <http://www.un.org/ru/d>

5 Стратегия гендерного равенства Республики Казахстан. Утв. Указом Президента 29 ноября 2005 г. №1677 -[Электронный ресурс] – Режим доступа - https://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo_res

6 Конвенция о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин от 18 декабря 1979г. - [Электронный ресурс]- Режим доступа: <http://www.un.org/ru/d>

7 Факультативный протокол к Конвенции о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин принят 6 октября 1999 года [Электронный ресурс]- Режим доступа: <http://www.un.org/ru/docume>

ҚАЗАҚСТАНДА КӨШІ-ҚОН ҮРДІСІНІҢ ДАМУ САТЫЛАРЫ

Джусупов М.Ш., з.г.м., академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының PhD докторанты

Көші-қон үрдісі әртүрлі нысанда болады: еңбектік, отбасылық, ұжымдық және туристік. Қазақстан Республикасының көші-қон мәселесін зерттеу территориялық орналастыру мен әлеуметтік тапсырыстарын қанағаттандыруға өз үлесін қосады. Себебі бұл еңбек ресурстары мен халықты орналастыруда құқықтық қоғамдағы адам проблемасын зерттеу болып табылады. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә. Назарбаев дүниежүзі қазақтарының құрылтайында: «Бүгінгі қиыншылығы, мол заманда көңілімізге медеу болар бір жай қазақтардың өз атамекенінде бас тоғыстыруы әртүрлі себептерге байланысты туған жерден үдере көшіп кеткен туысқандарымыздың

өз еліне қайта орала бастауы. Біздің бәріміз сарыла күткен ұлы көштің алды атамекенге жетті» - деп атап өтті.

Жалпы көші-қон туралы, мәселе еліміз үшін әлі де күрделі болып саналатындықтан шешімін таппаған мәселелер де жеткілікті.

Көші-қонда қалыптасып отырған осы мәселелерді Үкіметтің жыл сайын жасайтын есебінде нақты қарастырылып, алда төмендегідей міндеттерді орындау қажеттігін атап көрсеткен:

- 1) халықты орналастыру проблемасы өткір және маңызды болғандықтан жан-жақты зерттеу;
- 2) дұрыс бағыт-бағдар беретін көші-қон саясатын анықтайтын бағдарлама жасау;

3) оларды еңбек ресурстары бойынша тиімді пайдалану дұрыс жолға қойылмағандықтан, болашақта олардан шығу көздерін қарастыру сияқты алдарына нақты міндеттер көзделіп отыр.

Республикадағы көші-қон үрдісін жүзеге асыру ұғымын зерттей отырып, еліміздегі қабылданған бірқатар қаулылар мен Президент Жарлықтарына талдаулар жасалынды. Олардың ішінде Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 18 қарашасындағы №711 «Басқа республикалардан және шет елдерден селолық жерлерде жұмыс істеуге тілек білдіруші байырғы ұлт адамдарын Қазақ ССР-на қоныстандыру тәртібі мен шарттары туралы» қаулысы көші-қон үрдісін реттейтін алғашқы нормативтік құжат ретінде қарастырылды [1].

Бұл қаулы басқа шет елдерден және одақтас республикалардан байырғы ұлт өкілдерін көшіріп алудың бірден бір жолы еді. Себебі сол кезде басқаша көші-қон саясатын ұйымдастыру тәуелсіздігін толығымен алмаған, заңдық жүйесі әлі толық жетілмеген және де экономикалық өтпелі кезеңіндегі еліміз үшін тиімсіз еді. Осы қаулы бойынша басқа республикалардан және шет елдерден республиканың селолық жерлерінде жұмыс істеуге тілек білдіруші байырғы ұлт адамдарын қоныстандыру және оларды тасымалдау, келген жерлерінде орналастыруды ұйымдастыру халық депутаттарының жергілікті Кеңестерінің атқару комитетіне жүктелген еді. Сонымен қатар бұл іске агроөнеркәсіп кешенінің кәсіпорындары мен ұйымдарын тарту көзделген.

Жалпы сол кездегі көші-қон мәселесін шешіп ұйымдастыру, үйлестіру Еңбек министрлігіне тапсырылған [2].

Қазақ КСР-ң Еңбек министрлігі Қазақ ССР-ң сыртқы істер министрлігімен, басқа да мүдделі министрліктермен бірлесе отырып басқа республикалармен шет елдерден тілек білдіруші байырғы ұлт адамдары республикаға қоныстандыру мәселесі жөніндегі құжаттардың жобасын тәртіп бойынша әзірлеп, азаматтары Қазақ ССР еңбек шарты бойынша келуге тілек білдіретін республикалар мен елдердің тиісті органдарымен келіссөздер жүргізіп және соның қорытындысы бойынша қоныстанудың тәртібі мен шарттарына қол қойды.

Сол кездегі қаралған бұл істер еліміздің көші-қон саясатын үйлестірудің басты қайнар көзі болды.

Көші-қонды басқаруда тек қана сол елдің, аймақтың, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы ерекше әсер етеді. Қандай да зерттеулер болмасын алдына маңызды мәселелерді көрсетіп олардан шығу жолын қарастырады.

Біздің еліміздегі қоныстандыру мен көші-қон ағымынан туған мәселелерді зерттеу барысында «Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасында» [3] төмендегідей бағдарламалық шаралардың жүйесін көрсеткен.

Жақын шетелдерде:

1. Қазақ диаспораларының тарихи дамуы мен тұратын жерлеріндегі әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өміріндегі болып жатқан үрдістер тұрғысында этнодемографиялық және этномәдени зерттеулер жүргізу;

2. Нарықтық қайта құрулар тұрғысынан түбегейлі жаңару процестерінің әлеуметтік құрылымын талдау;

3. Қазақ диаспораларының этнопсихологиялық қалыптасу аспектілері мен ұлттық сана-сезімінің дамуын, кеңестік кезеңнен кейінгі жаңа геосаяси кеңістіктегі әлеуметтік-адамгершілік өзін-өзі сәйкестендіру ерекшеліктерін зерделеу;

4. Қазақ диаспорасының, әсіресе жас ұрпақтардың тұрған елдерінде де, сондай-ақ тарихи отанында да нарықтық реформалардың ілгерілеуі жағдайындағы одан әрі әлеуметтік-мәдени дамуын қалыптастыру;

Алыс шетелдерде:

5. Қазақ диаспорасының тұрғылықты елдерінің даму серпіні тұрғысынан әлеуметтік-демографиялық талдау жасау;

6. Қандай да бір елдің жалпы өркендеуі тұрғысында қазақ диаспорасының тыныс-тіршігінің одан әрі даму бағыттары мен перспективаларын айқындау;

7. Қазақтардың қазіргі жағдайдағы әлеуметтік-адамгершілік көңіл-күйін, олардың, әсіресе жас ұрпақтың Қазақстан жағдайында әлеуметті мүмкіндіктерін жүзеге асыру перспективаларын, тарихи отанында капиталды, инвестицияларды орналастыру мүмкіндіктерін, жастардың қазіргі заманғы өндіріс технологиясын және нарық экономиканы оқып-үйренуін зерделеу;

8. Қазақ диаспорасы проблемаларын зерделеу жөнінде уақытша шығармашылық ұжым құру жөнінде Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы мен ғылым Академиясына тапсырды.

Мұнда ерекше ескере кететін жәй бұл бағдарлама Қазақстан Республикасының көші-қон саясатына едәуір үлесін қосты.

Жалпы көші-қон проблемасын зерттеуде әдістемелік шығармалар елімізде өте аз мөлшерде шығарылғаны байқалды. Себебі жалпы көші-қон саясаты туралы ғылыми зерттеу жұмыстары өте баяу қарқынмен дамуда. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін көші-қон тақырыбындағы зерттеуді тек экономикалық саласы бойынша Р.Б. Жалимбетованың «Еңбек ресурстарын өндірістік жүйеде миграцияны реттеу» атты 1992 жылғы ғылыми жұмысынан басқа жүйелі зерттеулер байқалмаған. Ал аталмыш ғылыми еңбек экономикалық мәселелер бойынша олардың даму көздерін жан-жақты анықтап берді [4].

Көші-қон үрдісін зерттеуді талдап сараптауда КСРО кезінде Б.С. Хорев, В.Н. Чапек «Халықтың көші-қон проблемасын зерттеу» атты еңбегінде жалпы көші-қоннан туындайтын бірқатар мәселелерге анықтамалар жасаған. Олар негізінен азаматтардың экономикалық және әлеуметтік құқықтарын шешуге бағытталған [5; 16].

Сондай-ақ қазақ ғалымдары М. Арын, Е. Әбенювтердің «Қазақ диаспорасының көші-қонын үйлестіру жәйттері» атты ғылыми зерттеулері де көші-қон үрдісінің мән-жайын ашумен қатар, қоныс аударудағы маңызды факторларды сауалдама арқылы көрсеткен [6; 40].

1993 жылы 23 қаңтарда Қазақстан өзінің алғашқы Конституциясын қабылдады. Ол жаңарған Республика халқына оны мекендейтін барша жұртқа, олардың болашағы мен келешегі үшін бағдар беретін негізгі құжат, азат елдің Ата заңы болды деп атауға болады [7].

Қазақстан Республикасының Жаңа Конституциясында бірқатар жаңа қағидалар енгізілді. Айталық, Қазақстан Республикасының «өзін-өзі таныған қазақ ұлтының мемлекеттілік нысаны ретінде» жарияланды. Кіріспеде «Қазақ мемлекеттілік» формуласы қолданы. Бұл тек қазақ ұлтының өзін-өзі саяси танығандығын білдірді. Сонымен бірге Конституция «Қазақстан халқы Республикадағы мемлекеттік биліктің бірден бір бастауы болып табылатындығын» орнықтырды. Конституцияда «зиялы және біртұтас мемлекет» деген ұғым бірінші рет қолданылды. Конституцияның 5-бабында «Қазақстан Республикасы өз аумағынан тыс жерлердегі азаматтарға қамқорлық жасайды олардың құқығы мен бостандығын қорғайды» деп көрсетілуі қазақтың ұлттық мемлекеті қасиетінің басты бір көрінісі халқымыздың басына түскен нәубат салдарынан елінен, жерінен кеткен қандастарымызға қамқорлық жасаудың заңдастырылуы дер едік.

Бұл Қазақстанға алғаш рет болған өзгерістер мен оның саяси-экономикалық және мәдени-әлеуметтік өміріндегі қайта түлеу, жаңару көп жылдар бойы тоталитарлық басқару жүйесінің езгісінде болып, халықтың өткенін білуі, күнгірттеніп, өз елінің тілі мен дінінен, дәстүр-салтынан қол үзе бастаған кезде іске асты. Осы онды өзгерістердің басталуына сәйкес басқа елдердегі байырғы ұлт өкілдерінің өз Отанына деген ынтасы мен ықылас пейілі жаппай бой көрсетті. Сондай-ақ Қазақстанда тұратын басқа ұлт өкілдері де өз елдеріне кету үрдісі басталды.

Осыларға қарай отырып Қазақстан Республикасында жаңа көші-қон үрдісі пайда болғанын көруге болады.

1995 жылы еліміз бүкіл халықтың референдумымен жаңа Конституцияны қабылдады. Бұл Конституцияның кіріспесінде «Біз ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып осы Конституцияны қабылдаймыз» деп көрсетуі оның мазмұнын айқындайды [8]. Осы Конституцияның маңызды ерекшелігі деп мемлекеттің және қоғамның негізгі заңы ретінде қолданылуын айтамыз. Осы негізгі заң азаматтардың көшіп-қону құқығын заңдастырды. Мұнда «Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде жүрген әрбір адамның заңда арнайы көрсетілгеннен басқа реттерде, оның аумағында еркін жүріп тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы бар».

«Әркімнің Республикадан тыс жерлерге кетуіне және республика азаматтарының Республикаға кедергісіз қайтып оралуына құқығы бар» - деп айқын белгіледі [9]. Бұл халықтық мемлекеттік биліктің қайнар көзі және қоғамның әлеуметтік базасы ретіндегі мәртебесімен тығыз байланысты екені даусыз. Бұл көші-қон үрдісін конституциялық-құқықтық реттеудің негізгі іргетасы болып табылады.

Зерттеу барысында көші-қон үрдісі негізінен төмендегідей сатылардан тұратыны анықталды.

Бірінші сатысы – шет елдерде тұратын ұлты қазақ адам өз еркімен Қазақстан Республикасына қайтқысы келетіні жөнінде өздерінің тұратын мемлекетінің басқару органдарының келісімімен сол елдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігіне немесе Қазақстан Республикасының көші-қон және демография жөніндегі Агенттігіне жазбаша түрде өтініш береді. Уәкілетті орган адамды көшіп келуші деп тану туралы өтінішті қарап, ол бойынша өтініш тіркелген күннен бастап екі ай мерзім ішінде көшіп келудің белгіленген квотасына сәйкес шешім қабылдайды.

Қазақстан Республикасының Президенті жыл сайын көшіп келу квотасын бекітеді. Квотада қай мемлекеттен қанша отбасы алынатындығы көрсетіліп, олардың шекті саны мен түрлері, оларды қабылдауға, жайғастыруға және бейімдеу шараларын жүргізуге, сондай-ақ оларды қабылдайтын облыстарды нақты көрсетеді.

Екінші сатысы – квотаға сәйкес, өтініш жазған адамдарды Қазақстанға көшіру үрдісі басталады. Мемлекетаралық шарттарға сәйкес, көшіріп алу ұшақпен, теміржолмен және автокөлікпен жүзеге асырылады. Көшіп келген адамдарға оралман мәртебесі беріліп, мемлекет тарапынан жан-жақты қамқорлыққа алыну көзделген. Атап айтсақ, үй-жаймен қамтамасыз ету, алғашқы жәрдемақы, өтемақы беру, мүмкіндігінше білікті мамандарды жұмысқа тарту, тегін медициналық көмек, тегін оқу және басқа да көптеген құқықтар мен бостандықтар қарастырылған.

Үшінші сатысы – оралмандар отбасын Қазақстан Республикасына қабылдау. Қабылдауды Қазақстан Республикасы көші-қон және демография жөніндегі Агенттігі мен оның жер-жерлердегі басқармалары жүзеге асырады. Оралмандарды алдын-ала дайындалған орындарда жайғастырып, оларды орналастырып болғанша барлық шығындарды мемлекет мойнына алады. Қабылдау үрдісінде оралмандардың төлқұжаттарын тіркеуге алу, медициналық байқаудан өткізу, оқу жасындағыларды оқуға дайындау, ауру-мүгедек адамдарды және зейнеткерлерді тіркеуге алу т.б. қызметтер сатысы жүзеге асырылады.

Төртінші сатысы – оралмандардың отбасын жергілікті жерде орналастыру.

Оралмандарды орналастыру кезінде республикалық көші-қон қорынан, әкімдердің үй қорынан мүмкіндігінше баспанамен қамтамасыз ету жолдары қарастырылады. Сондай-ақ оларға бір жолғы өтемақылар беріледі. Қоныс аударушының уақытша немесе тұрақты тұратын жеріне тегін жетуін және мүлкін тегін жеткізуді қамтамасыз етеді.

Бесінші сатысы – оралмандарды ортаға бейімдеу. Мұнда оларды келген елдеріне сәйкес әртүрлі деңгейде ортаға бейімдеудің жоспарлы қызметін атқару көзделген. Өкінішке орай, бұл жұмыс күні бүгінге дейін шешімін таппай келеді.

Алтыншы сатысы – жергілікті көші-қон органдары оралмандарды есепке алып, олардың тұрғылықты мекен-жайы, жұмысы, оқуы және тағы басқа жағдайларды өз бақылауында ұстап, оларға үнемі бағыт-бағдар беріп, оралмандардың құқықтары мен бостандықтарын Қазақстан Республикасында толығымен жүзеге асыруға өз қызметтерін бағыттайтындығы анықталды.

Әдебиеттер тізімі:

1 Халықты жұмыспен қамтылу туралы Қазақ КСР-ның заңына қатысты нормативтік актілердің жинағы. – Алматы, 1992. – 169 б.

2 Ысқақ Ә. Көш-керуен. – Алматы, 1997. – 59 б.

3 ҚР Президентінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы «Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» №3308 Жарлығы (күші жойылды) // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U960003308>

4 Жалимбетова Р.Б. Регулирование миграции в системе воспроизводства трудовых ресурсов (на материалах Республики Казахстан): автореф. ... канд. экон. наук: 08.00.01. – Алматы: Институт экономики Академии наук Республики Казахстан, 1992. - 23 с.

5 Хорев Б.С., Чапек В.Н. Проблемы изучения миграции населения. – М.: Мысль, 1978. – 256 с.

6 Арын М. Қазақ диаспорасының көші-қонын үйлестіру жәйттері / Арын М., Әбенев Е. // Саясат (Политика). – 1997. - №2. – Б. 40-46.

7 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Жеті Жарғы, 1993.

8 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Ғылыми құқықтық түсініктеме. – Алматы: «Жеті-Жарғы», 1999. – 53 б.

9 Қазақстан Республикасының Конституциясы (1998 жылғы қазанның 7-де өзгертулер мен толықтырулар енгізілген). Ғылыми құқықтық түсініктеме. – Алматы: «Жеті-Жарғы», 1995. – 10 б.